

БЕКІТЕМІН
«ШҚО кәсіптік білім беру
орталығы» КММ директорының м.а.
Л. Кездикбаева
2023 ж.



**ШҚО ТЖКОБ жүйесі оқу орындарының инженерлік-педагогикалық
қызметкерлері арасында «Менің әдістемелік қоржыным»
облыстық байқауын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

Өскемен қ., 2023 жыл

1. Жалпы ережелер

Осы ереже «Менің әдістемелік қоржыным» облыстық әдістемелік әзірлемелер байқауының (бұдан әрі – Байқау) өткізу тәртібін, мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастыру шарттарын және талаптарын айқындайды.

Байқауға ШҚО ТЖКОБ жүйесі оқу орындарының инженерлік-педагогикалық қызметкерлері қатысады.

Қазылар алқасының құрамына ШҚО білім басқармасының, ШҚО кәсіптік білім беру орталығының, «Шығыс» өңірлік орталығының, «Өрлеу» БАҰО» АҚ ШҚО бойынша филиалының өкілдері кіреді.

Байқауды ұйымдастыру, өткізу және оның қорытындысын шығару, жеңімпаздарды марапаттау үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

Облыстық деңгейдегі ұйымдастыру комитеті байқау материалдарын жолдау мерзімін, байқауды өткізу күнін айқындайды, қазылар алқасының жұмысын қамтамасыз етеді, байқауға қатысушыларды марапаттау нысаны мен тәртібін айқындайды.

Байқауға қатысу үшін **2023 жылғы 04 сәуірге дейін қосымшаға сәйкес өтінімді және байқау материалдарын metod@tipo-vko.edu.kz электрондық поштасына жолдау қажет. Байқау жұмыстарын қорғау және қорытындыларын шығару 2023 жылғы 7 сәуірде Абай даңғылы, 21 мекенжайы бойынша орналасқан ШҚО кәсіптік білім беру орталығында (5 қабат) өтеді.**

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

Мақсаты:

- білім беру үдерісін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету бойынша педагог қызметкерлердің шығармашылық бастамаларын дамыту.

Міндеттері:

- педагогикалық қызметкерлердің кәсіби өсуін, әдістемелік шеберлігін ынталандыру;
- білім беру үдерісінің сапасын арттыруға ықпал ететін әдістемелік және дидактикалық материалдарды зерттеу және қорыту;
- ШҚО кәсіптік білім беру орталығының әдістемелік әзірлемелерінің ақпараттық банкін жаңарту.

3. Конкурстық жұмыстардың шарттары мен талаптары

Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- *Пәнді оқыту бойынша оқу-әдістемелік құрал;*
- *Сабақ (оқу сабағы).*

«Оқу-әдістемелік құрал» номинациясында оқу үдерісінде пайдаланылатын оқу-әдістемелік құралдар ұсынылуы мүмкін.

«Сабақ (оқу сабағы)» номинациясында оқытылатын пәннің оқу бағдарламасына сәйкес келетін кез келген тақырыпқа сабақ немесе оқу сабағы ұсынылуы мүмкін. Қатысушылар ұйымдастыру комитетіне оқу сабағының конспектісін, сондай-ақ оған мультимедиялық сүйемелдеуді (презентация) жолдайды. Қатысушы қазылар алқасына бір жеке байқау жұмысын немесе бірлескен авторлықта орындалған бір жұмыс қана ұсына алады.

Байқау жұмысының құрылымы бірнеше бөлімнен тұрады.



Байқау жұмысының титулдық парағында келесі ақпарат болуы тиіс:

- «Менің әдістемелік қоржыным» әдістемелік әзірлемелердің облыстық байқауы»;
- Номинация атауы:
 - «Пәнді оқыту бойынша оқу-әдістемелік құрал» номинациясында әдістемелік әзірлеменің атауы да көрсетіледі;
 - «Сабақ (оқу сабағы)» номинациясында сабақтың тақырыбы көрсетіледі;
- Әзірleme авторының (авторларының) аты-жөні (толық), лауазымы;
- облыс, қала, аудан, оқу орнының атауы.

Пәнді оқыту бойынша оқу-әдістемелік құралдың құрылымына қойылатын талаптар:

Мазмұны

Кіріспе (шифр, даярлау бағытының (мамандықтың) атауы; пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері; ағымдағы бақылау түрлерінің, оны жүргізу кезектілігінің сипаттамасы, бағалау (белгі) өлшемдері мен нормалары; аралық аттестаттауды өткізу нысанын көрсету және т. б.)

Модуль 1. «Модульдің атауы көрсетіледі»

Тақырып 1.1. «Тақырыптың атауы көрсетіледі»

Тақырып 1.2....

Модуль 2 ... «Модулінің атауы көрсетіледі»

Тақырып 2.1. «Тақырыптың атауы көрсетіледі»

Тақырып 2.2....

Қорытынды

Емтиханға (сынаққа арналған) сұрақтар

Библиографиялық тізім

Глоссарий

Сабақ конспектісінің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптар:


- мәтіндік құжаттың титулдық беті (аты-жөні, лауазымы және жұмыс орны);
- шрифт Times New Roman, кегль 12-14, интервал 1-1,5, азат жол 1,25, барлық өрістер 2,5 см; Дос форматы, туралау – ені бойынша, тырнақша «»;
- аннотацияның, фотосуреттің болуы (jpg форматында жеке тіркеледі);
- сабақтың мақсаттары, міндеттері, сабаққа қажетті құрал-жабдықтар туралы ақпараттың болуы;
- әдебиеттер;
- қосымшалар.

«Сабақ (оқу сабағы)» номинациясындағы байқау жұмыстарының негізгі бөлігі еркін нысанда ресімделеді.

Қосымшада мыналар болуы мүмкін:

- көрнекі құралдар (кестелер, фотосуреттер, графиктер және т. б.);
- дидактикалық материал;
- презентация.

Презентация Microsoft Office Power Point бағдарламасында орындалуы керек. Жұмыстар тек PPT, pptx, одр презентация форматтарында қабылданады. Презентация көлемі 15 слайдтан аспауы керек. Презентация бейне үзінділерді қамтуы мүмкін, презентацияда еренсілтемелер қолданылуы мүмкін. Суреттер интернет пен экранға қысылған түрде қолданылуы керек. Презентацияларда дыбыстық файлдарды пайдалануға рұқсат етіледі. Презентацияның бірінші слайдында жұмыстың титулдық парағының ақпараты қайталануы керек.



4. Байқау материалдарын бағалау критерийлері

Әдістемелік жұмыстарды бағалаудың әрбір критерийі үшін жоғары балл - 5 баллды құрайды:

- тақырыптың толық ашылуы;
- өзектілігі, практикалық маңыздылығы және педагогикалық мақсаттылығы;
- авторлық материалдың жаңашылдығы, бірегейлігі және шығармашылық бағыты;
- жұмыста жеке практикалық тәжірибені көрсету;
- заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану;
- жұмысты безендіру мәдениеті (материалды ұсыну сапасы, материалдың құрылымы, қорытындылардың болуы);
- иллюстрациялық материалдарды іріктеу және сапасы.

5. Марапаттау

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар ШҚО кәсіптік білім беру орталығының 1, 2, 3 дәрежелі дипломдарымен, ал қатысушылар сертификаттармен марапатталады. Үздік жұмыстар ШҚО білім басқармасының және ШҚО кәсіптік білім беру орталығының сайтында орналастырылады.

Конкурс қорытындысы ШҚО білім басқармасы, ШҚО кәсіптік білім беру орталығының сайттарында, Facebook, Instagram әлеуметтік желі парақшаларында орналастырылатын болады.

*Қосымша ақпарат үшін байланыс телефондары: 8/7232/700-590,
8-708-332-86-42, 8-771-549-94-00, 8-705-564-18-48, 8-775-271-88-24
(білім беру үрдісін әдістемелік сүйемелдеу бөлімі)*

ШҚО ТЖКБ жүйесі оқу орындарының инженерлік-педагогикалық
қызметкерлері арасында өтетін «Менің әдістемелік қоржыным»
облыстық байқауына қатысу үшін
ӨТІНІМ

№	Оқу орнының атауы	Аты-жөні (толық), лауазымы	Байқауға қатысатын номинация атауы	Байланыс телефондары, e-mail

Директор _____

М.О.

